№6 «Аққөгершін»бөбекжай-балабақшасы

# ***«Отаным менің - Қазақстан!»***
# ***№8«Балапан»тобының танымдық сағаты***

Өткізген:Оразтаева Д.Б.

2024- 2025 оқу жылы

**«Менің  Отаным - Қазақстан!»**

**Мақсаты:** Балалардыың еліне, жеріне деген қамқорлықтарын арттыру, патриоттық сезімдерін ояту. Ұлтқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру.

Тәрбиеші: Балалар 25 қазан Республика күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Баршаңызға отбасылық бақыт, дендеріңізге саулық, енбектеріңізге мерекелік шат көңіл тілеймін.

Алтай арасы
Қазақтың шалқар даласы
Республикама қарашы!
Жерімнің дәні маржандай
Қырманы асқар таулардай
Республикама қарашы!
Шолсаңда биәк аспаннан
Қарқырар кені тастардан
Республикама қарашы!
Шырқаған сайын тірегі
Республикама қарашы!

**- Әнұран.**

Құрметті балалар! Бүгінгі біздің 25 қазан Республика күніне арналған «Менің Отаным - Қазақстан!» атты тәрбие сағатымызға белсене қатысуларыңызды сұраймын.

Тәрбиеші: - Отандарың, қасиетті мекендерің қай Республика?
Балалар: - Қазақстан Республикасы.
Тәрбиеші: - Алғашқы Президент кім?
Балалар: - Нұрсұлтан  Әбішұлы  Назарбаев
Тәрбиеші: - Отандарыңның астанасы қай қала?
Балалар: -Астана қаласы.
Тәрбиеші: - Елдеріңіз өзінің қандай қасиеттерімен айбатты?
Балалар: - Әнұран, Туы, Елтаңбасымен.
Тәрбиеші: -Өте жақсы. Осы елдің бақытты ұл-қыздары екендеріңді қалай дәлелдейсіңдер?
Тақпақтар:
1. Арман:
Туған жерім сағынарым
Мәңгі - бақи шырқалады
Республикам, Әнұраным
2. Айару: Елтаңбасы елімнің
Неткен көркем, әдемі
Тұнығындай көңілдің
Ортада аспан әлемі

**Дидактикалық ойын; «Рәміздерді дұрыс орналастыру.»**

Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, рәміздерді ажырата білуге, түстерін ажыратуға үйрету.

Тәрбиеші:
- Балалар, сендер сүйікті отанымыздың қасиетті белгілерін біледі екенсіңдер. Онда Отан дегеніміз не?
Балалар:
- Отан дегеніміз біздің әке-шешеміз, туған туыстарымыз, ауыл қалаларымыз, өзіміз туып-өскен жеріміз.
Тәрбиеші:
Балалар, халқымыздың батыр ұлы Бауыржан Момышұлы айтқан екен: «Отан үшін отқа түс, күймейсің», - деп. Басқа да батыр ағаларымыз, апаларымыз «Отан» деп жырлаған, қорғаған, қастерлеген және отан үшін өмірлерін қиған екен.
Біз де осы ата-апаларымыз сияқты Отанымызды қорғауымыз керек. Отан үшін еңбек ету керек.
- Сендердің еңбектерің - сендердің жақсы, тәртіпті бала болғандарың.
«Дидактикалық ойын: «Тудың күншуақтарын орналастыр»
Балалар тудың шуақтары арқылы тілектерін айтып қорытындылау. Мадақтау.